



Нарықтық Экономика

▣ Нарық механизмінің негізгі элементтері

▣ Баға

▣ Сұраныс пен ұсыныс

▣ Бәсеке

- Рыноқта бәсеке барысында сұраным мен ұсыным, баға құралады. Сұраным мен ұсынымның өзара әрекеті нарықтық экономиканың тиімділігін қамтамасыз ететін тетік болып табылады. Баға кәсіпорындар мен тұтынушыларға нарықта қалай әрекет ету керектігін – осы тауарды көп өндіру керек пе, жоқ па оның шығарылымын қысқарту немесе тоқтату керек пе, жоқ па дегенді хабарлайды. Бағаның құралу тетігімен қатар рыноктағы бәсекеге ерекше назар аударуға тура келеді, яғни бір-бірімен бәсекелесуші бірқатар фирмалар (кәсіпорындар) болса және олардың бірде-біреуі баға белгілеу үдерісін басқара алмаса – олар тұтынушылар алғысы келетін және төлей алатын тауарларды өндіруге мәжбүр болады.

- Алайда тауарлардың белгілі бір санаттары үшін баға тетігі жұмыс істемейді (мыс., қорғаныс), кейде тауар өндіруге жұмсалған барлық шығынды көрсетуге дәрменсіз болады, демек, баға мен шығын оның қоғамдық нәтижесін көрсетпейді. Нарықтың осы және басқа кемшіліктері нақты өмірде ұдайы кездесіп отырады, сондықтан “таза” нарықтық экономика, сұраным мен ұсынымның қандай үлгісінде құрылса да, болмайды. Нарық әрқашанда бірге әрекет етуші кәсіпорындар мен монополиялар, түрлі ұйымдар, саяси өкімет тарапынан араласу – реттеу арқылы толықтырылып, шектеліп отырады. Сонымен бірге нарықтық шаруашылық пен баға белгілеу тетіктерін толық алып тастап, оның орнына экономиканы толық басқару әкімш. және саяси шешімдермен шешілетін болса, онда “таза” жоспарлы экономика дейтін пайда болады.

Нарықтық экономика артықшылықтары

- ✓ Жаңа тауарлар мен қызметтерге деген қажеттіліктерге бірден жауап береді
- ✓ Сұраныс пен ұсынысты теңестіреді
- ✓ Өндіріс талаптарына сай кәсіпорындарды қолдайды
- ✓ Жұмыс тиімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.
- ✓ Өндірістің өсуін және үдеуін ынталандырады.

Нарықтық экономика кемшіліктері

- ✓ Халық шаруашылығының үлкен капитал қажет етуші салаларының қажеттіліктеріне баяу жауап береді.
- ✓ Коммерциялық емес салаларды аз өолдайды. Дағдарыстың алдын ала алмайды, жұмыссыздық пен инфляция тудырады.
- ✓ Әлеуметтік теңсіздік үлкен
- ✓ Теріс сыртқы әсерлерді ескермейді
- ✓ Бақылаушы күш бәсекелестік, уақыт келе әлсірейді.


Нарық экономикасының бірінші және өте маңызды элементі — өндіріушілер мен тұтынушылар



- ▶ Нарық экономикасының екінші элементін өндіріс орындарының корпоративтік басқаруына негізделген меншіктің жеке немесе аралас формаларымен болжанған экономикалық оңашалану құрайды.

- ▶ Нарық экономикасының екінші элементін өндіріс орындарының корпоративтік басқаруына негізделген меншіктің жеке немесе аралас формаларымен болжанған экономикалық оңашалану құрайды.

Нарық экономикасының төртінші, орталық буыны – екі құрылымнан, сұраныстан және ұсыныстан, тұрады.




Нарық механизмінің бесінші элементі — бәсеке.




Сұраныс – сатып алушы осы баға бойынша алуға дайын тауарлар саны

- ▶ Оны мына түрде көрсетуге болады:
- ▶ $Q_d = f(P, I, T, P_s, P_c, N)$, мұнда
- ▶ Q_d – тауарға сұраныс (quantity of demand)
- ▶ P – тауар бағасы (price)
- ▶ I – сатып алушының кірісі (табысы)
- ▶ T – сатып алушылардың ұнатулары
- ▶ P_s – субститут – тауарлар (substitutes) бағасы
- ▶ P_c – тауарлар – комплементарийлердің (комплементтер – complements) бағасы
- ▶ N – нарықтағы сатып алушылар саны (number).

Сұраныс қисығы







Ұсыныс - өндіріс нәтижесі және де сатушы осы баға бойынша сатуға дайын тауарлар саны болып келеді.

- ▶ Ұсыныс функциясының түрі:
- ▶ $QS = f(P, PS, PC, Pres, K, T, N)$, мұнда
- ▶ QS – тауар ұсынысы (supply)
- ▶ P – тауар бағасы
- ▶ PS, PC – субститут – тауарлары мен комплементарий – тауарлардың бағалары
- ▶ Pres – ресурстар (қорлар) және өндіріс факторларының (resources) бағасы
- ▶ K – технология деңгейі
- ▶ T – салықтар мен жәрдемақылар (taxes)
- ▶ N – нарықтағы сатушылар саны

ҰСЫНЫС ҚИСЫҒЫ





Сұраныс пен Ұсыныстың өзара байланысы

